Бұрынғы күні бұл үйірмеде алғашқы сабақ өтті. Сабаққа тыңдаушылар ұйымшылдықпен қатысты. Партия ұйымының секретары, насихатшы Расин жолдас алғашқы сабақта оқу программасы бойынша СОКП Орталық Комитеті июль Пленумының материалдары жөнінде әңгіме өткізді. Ол өзінің әңгімесінде Булганин жолдастың Пленумда жасаған баяндамасына тоқталып, еңбек өнімділігін арттыру, техникалық прогресс пен өндірісті ұйымдастыру жөніндегі маңызды міндеттерді коллективтің өмірімен байланыстырды. Насихатшы құрылыс учаскісінде қол жеткен табыстармен бірге, әлі де болса жаңа техниканы пайдалану жөніндегі кемшіліктерді айтты. Насихатшының әңгімесінен кейін тыңдаушылар құрылыс учаскісінің перспективтік мәселелері жөнінде бірнеше сұрақтар қойды. Расин жолдас ол сұрақтардың бәріне толық жауап берді.

Құрылыс учаскісінің коммунистері өздерінің саяси білімдерін арттыру жолында қажырлылықпен еңбек етеді.

Н. ИВАНОВ,
ҚКП қалалық комитетінің нұсқаушысы.

ЖАСТАРДЫҢ САЯСИ ОҚУЫ

Аудан комсомол ұйымы комсомолцетер мен жастар оқуында өткен жылы орын алған кемшіліктерден қорытынды шығара отырып, жаңа оқу жылына әзірлікті ерте қолға алған болатын. Бастауыш комсомол ұйымдары бұл салада партия ұйымдарымен тығыз бірлікте жұмыс істей отырып, быйылғы жылы саяси оқу жүйесін өткен жылдарға қарағанда әлдекайда дұрыс ұйымдастырды. Бастауыш комсомол ұйымдарының саяси білімдерінің 57-сі быйыл саяси білімдерін өздігінен арттыру жөнінде, 17 комсомолец өздерінің жалпы білім дәрежелерін кешкі мектептерде арттыруға тілек білдірді. Ал партия ұйымдарының жанында құралған үйірмелер мен саяси мектептерде 260 комсомолец оқыйды.

Өткен жылы аудан комсомол ұйымы насихатшыларды іріктеп алу ісінде кейбір үстірттікке, формальдылыққа жол берген

Жаңа қоныстанушылар қамқорлыққа бөленген

Жамбыл атындағы совхоз бұдан біржарым жыл бұрын Преснов ауданының Қостанай жақ беткейіндегі ғасырлар бойы пайдаланылмай жатқан құлазыған айдын далада ұйымдастырылған еді. Бір кезде палаткалар мен қостар тұрған бұл жер кәзір қала типтес тәртіппен салынған бірнеше көшесі бар жұмысшылар поселкасына айналды.

Міне, орталық көшенің шет жағына салынған әсем үйдің бір жігіт шықты. Ол өлгі үйдің сырқы ошекейлерін орнатта бастады. Оның әрбір қиымылы, іс әрекеті бұл адамның тыянақтылығын сырт қараған адамға айқын білдіріп тұр. Бұл өткен жылы Ставропольдан келген ағаш шебері Василий Прокофьевич Пономаренко жолдас еді. Бұл совхозда ол өз мамандығы бойынша қызмет істейді. Үш баласы өздерімен бірге тұрады. Екі баласы мектепте оқыйды. Жұмыс істейтін тек Василий ғана. Оның айлық жалақысы орта есеппен 800 сом, Василий жұырда өзінің жыйнаған ақшасына сыйыр, 80-ге жуық құс сатып алды.

Пономаренко жолдас тың жерге берік орнықсандардың бірі. Ол жұырда өзіне жеке меншікті үй салу үшін мемлекеттен ұзақ мерзімге үш мың сом ақша алды. Кәзір Василий үйдің құрылыс жұмыстарын толық бітірді.

Совхозда өзіне жеке меншік үй салған жалғыз Пономаренко емес екен. Олардың саны бұл күндері 70-тен асыпты.

—Алғашқы кезде үй салам деушілерге 80 мың сом қарыз беру қарастырылған еді, —дейді совхоз директоры Татиевский жолдас. —Кейіннен бұл сомаға тағы да 90 мың сом қосуға тура келді.

Жаңа қоныстанушыларға қамқорлық жасау— совхоз басшыларының алдына қойған басты міндеттердің бірі. Әсресе мұнда жеке меншікке үй салушыларға совхоз тарапынан зор көмек көрсету дәстүрге айналған. Мәселен, мұнда үйдің қабырғаларын қалау жұмысы совхоз күшімен жүргізілді де, қалған жұмыстарды аяқтау үшін арнаулы құрылысшылар бригадасы жұмыс істейді. Сонымен қатар совхоз басшылары жаңа қоныстанушыларға құрылыс материалдарын босатуды жүйелі түрде жүргізіп отырады.

Жаңа қоныстанушыларды тың жерге орнықтыру —маңызды мәселе! Бұл сөзді біз бастауыш партия ұйымының секретары Аганов жолдастан естідік.

—Бізде, —дейді ол,— 100-ден астам семья огород салды және сыйыр малдарын сатып алды.

Құрылыс жұмыстары совхоз бригадаларында да қызу қарқынмен жүргізілуде.

Техника жаңалықтары



Москваның Серго Орджоникидзе атындағы станок жасау заводында «ДТ—54» тракторының цилиндр блоктарын өңдейтін жаңа автоматты линия дайындалды. Ол гидравликалық транспортерлегіш қондырмамен біріктірілген 20 агрегатты станоктардан құрастырылған. Бұл линия бір мезгілде төрт операцияны —фрезерлеу, бұрғылау, қайрау және калиберлеу жұмыстарын атқарады. Жаңа линияның еңбек өнімділігі заводтың бұрын жасап шығарған линияларының еңбек өнімділігінен бір жарым есе артық. Линияны барлығы екі жұмысшы қамтыйды.

Ленинградтың «Вулкан» заводы трикотаж тоқыйтын жаңа машина жасап шығарады. Ол смена сайын осы уақытқа дейін жұмыс істеп келген трикотаж тоқыйтын машинаға қарағанда техникалық трикотаж бен жылы ішкіімдік полотнаны 3 есе артық шығарады. Жаңа агрегаттың ерекшелігі сол, ол өндіріс алаңынан өте аз орын алады. Оның конструкциясын жеңіл және тоқыма машиналарын жасау ғылми-зерттеу институтының қызметкерлері жасаған. Завод кәзір жаңа машинаның алғашқы сериясын дайындап жатыр.

СУРЕТТЕРДЕ: (оң жақта) автоматты жаңа линия, (сол жақта) трикотаж тоқыйтын жаңа машинаны құрастыру.

(ТАСС-тың фотохроникасы).

Нарва су электр станциясы қатарға қосылды

Нарва су электр станциясы құрылысының бас инженері С. А. ЛЕВШИНМЕН әңгіме

☆

Нарва су электр станциясы өнеркәсіптік қуат бере бастады.

Суы мол, тасқынды Нарваны бас иілдіріп, оның қуатты күшін өнеркәсіп ген ауыл шаруашылығының қызметіне беру эстон халқының ежелгі арманы еді. Су қуламаларының аудандарында Нарваның суы 20 метрге жуық биіктіктен құйылады, мұның өзі арзан электр қуатын алуға қолайлы жағдай болады.

Партияның XIX съезінің бесінші бесжылдық жоспар жөніндегі директивалары на сәйкес, мұнда қуатты су электр станциясының құрылысы кең өріс алды. Құрылысқа елдің түпкір- түпкірлерінен советтік патриоттар келе бастады. Олар Волхов, Свир, Өскемен су электр станцияларының, елдегі және басқа электр станцияларының құрылыстарында бай тәжрибе алып келген адамдар еді. Олар қуатты техникамен қаруланып, тасқыны күшті Нарвамен айқасты. Бұл күрес ірі жеңіспен аяқталып отыр.

Жаратылыстың дүлей күшін ауыздықтап, суды адамның қызметіне жегу үшін зор көлемді жұмыс істеуге тура келді. Кәзір қыска мерзім ішінде

нен қолданылды. Станция үйінің қабырғалары мрамормен қапталған ірі-ірі блоктардан индустриялық әдіспен салынды. Механикаландыру дәрежесінің жоғары болғандығын мына фактіден де көруге болады: мысалы, Волховтағы жұмыс көлемі бұдан әлде қайда кең болған су электр станциясының құрылысына қарағанда, Нарвадағы су электр станциясының құрылысында жұмысшылардың саны бірнеше есе аз болды.

Су торабының орасан зор панорамасына көз жеткізу қыйын. Оның құрылысы—су қотаратын плотина, станцияның үйі және буларды жалғастырып тұратын екіжарым километрлік деривациялық канал зор көлемді алып жатыр.

Ивангород қамалының түбінде жақпарлы және жарқабақты жағалаулардың ортасына негізгі құрылыс —су электр станциясының үйі орнатылған. Оның

наулы күрс бітірген адамдардан құрылған. Бұл бригада су құрылысшыларының тәжрибесінде алғашқы рет бетон проводын ылдыйлата орнатты. Мұның өзі оның жоба бойынша белгіленген қуаттан артық өнім беруіне мүмкіндік туғызды.

Құрылыста су электр станциясын салушылардың тамаша кадрлары өсіп жетілді. Э. Лаас мұнда келгенде кәмелеттік аттестатты енді ғана алған жас бала еді. Кәзір ол таңдаулы балташылар бригадасының бригадирі. Бетонщы А. Шклярова алдыңғы қатарлы комсомол-жастар бригадасының белгілі бригадирі болып алды. Еңбек өнімділігі үздіксіз артып отырды. Быйылғы жылы бетон жұмыстары үш есеге жуық артық орындалды. Құрылысмонтаждау жұмысы 1953 жылғы осы уақыттағыдан екі есе артық болды. Бірінші су агрегаты мерзімінен он күн бұрын құрастырылды.

Нарваның су электр станциясы Ленинградтың және Эстониянның электр жүйелеріне қуат беріп отырады. Қалған екі турбинаны қосқаннан кейін, ол Нарвадағы «Кренгольмская мануфактура» тоқы-

да өткен жылғы оқудың қорытындылары кеңінен талқыланды. Бұл жиналыстарда көптеген кемшіліктердің беті ашылды.

Ал аудандық комсомол комитеті оқу қорытындыларын өзінің бюро мәжілісінде талқылап, жаңа оқу жылына әзірлену жөніндегі қажетті шараларды белгілеген болатын. Бастауыш комсомол ұйымдарына аудандық комсомол комитетінің мүшелері жіберіліп, олар комсомол ұйымдарының секретарьларымен бірлесе отырып, комсомолцетердің оқуын ұйымдастыру жөнінде тыңғылықты жұмыстар жүргізді.

Мұндай жұмыстың нәтижесінде биыл саяси оқу жүйесінде кейбір өзгешеліктер болып отыр. БЛКЖО Орталық Комитетінің нұсқауына сәйкес және комсомолцетердің өз қалаулары бойынша, ауданда 3 комсомол саяси мектебі, В. И. Ленинның өмір баяны оқып үйрену жөніндегі 9 үйірме, ағымдағы саясат мәселелерін оқып, үйрену жөніндегі 3 үйірме ұйымдастырылды. Сонымен бірге аудан комсомолцегі тәжрибесі мен қабілетіне, саяси білім дәрежесінің жоғарылығына қарай емес, қызмет бабы ғана ескеріліп іріктелді.

Биылғы жылы насихатшыларды іріктеп алу мәселесіне көп назар аударылды. Партия ұйымдарымен ынтымақтаса отырып, аудандық комсомол комитеті ең алдымен насихатшылық жұмысқа алынатын жолдастармен жеке-жеке әңгіме өткізіп, тек содан кейін ғана оларды өзінің бюро мәжілісінде тағайындады. Ал 22 адам облыстық комсомол комитеті жанындағы бір айлық және 15 күндік насихатшылар курсында арнаулы даярлықтан өтті.

Сонымен, аудан комсомолцетері мен жастарының саяси оқуын жаңа оқу жылында бұрынғыдан да жоғары сатыға көтерудің кейбір- қажетті шарттары жасалды. Саяси оқу жүйесінде көзір өтіп жатқан алғашқы сабақтар бұл пікірдің дұрыстығын көрсетіп отыр.

З. КАСКЕЕВ.

Петропавл ауданы.

...өрт нөтерлі тұрғын үй, қызыл бұрыш үйінің құрылыс жұмыстарының аяқталуы, көзір салынып жатқан төрт нөтерлі тұрғын үй мен екі жатақхана салу жұмыстарының зор қарқынмен жүргізілуі бұған толық дәлел.

Жергілікті құрылыс материалдарын кеңінен пайдалану жұмысы бұл совхозда кең өріс алып отыр. Мәселен, совхоздың орталық усадьбасында қамыстан, саманнан және жергілікті жердің балшығынан жасалған кірпіштен салынған үйлерді көптеп кездестіруге болады.

Жамбыл атындағы совхоз — облысымыздағы жаңа ұйымдастырған ірі астық фабрикаларының бірі. Совхоз басшыларының жаңа қоныстанушылар үшін ойдағыдай қамқорлық жасауы нәтижесінде бұл совхоз көзір алдыңғы қатарлы шаруашылықтардың бірі болып отыр.

А. ЛИЧМАН,

Преснов аудандық «Ударник» газетінің редакторы.

...рт миллион текшеметрге жуық топырақ қазылды, тау жыныстары аршылды, 160 мың текшеметрден аса бетон құйылды, мыңдаған тонна металл конструкциясы құрастырылды.

Су электр станциясын салуға бүкіл ел болып атсалысты. Москваның кәсіпорындары автомашиналар, электр құралжабдықтарын жіберіп отырды, Уралдан экскаваторлар, металл прокаттары, Ленинградтан — негізгі энергетикалық құралжабдықтар, Эстониядан заводтарынан цемент, кірпіш және әйнек, Карел-Фин ССР-інен ағаш материалдары келіп жатты. Құрылыс объектілерінде Бурят-Монголияның компрессорлары, алыстағы Өзбекстаннан жіберілген транспортерлер ойдағыдай пайдаланылды.

Су электр станциясының құрылысында алдыңғы қатарлы техника —автоматтандырылған бетон заводы, адымдаушы экскаваторлар, бетон тасығыштар, бетонды ныңыздайтын электр вибраторлары кеңінен пайдаланылды. Станция түгелдей автоматтандырылған, онда телевизиялық басқару тетіктері бар. Диспетчерлік пультегі бір кнопканы басып қалуымен-ақ кезекші инженер судың турбиналарға қуйылуын реттеп отыратын қалқандарды түсіріп жібере салады немесе көтеріп ала қояды, агрегаттарды жүргізіп жібереді, сөйтіп жүктерді ағытып жібереді немесе бөгей салады. Азғана ғана қамтушы қызметкерлер машиналардың жұмысын бақылап, кездейсоқ бір кедергілерді жоюмен шұғылданады.

Су электр станциясының құрылысшылары жаңа техниканы тез меңгеріп, творчестволықпен пайдалана білді. Экскаваторшы И. Ильин тамаша көрсеткіштерге ие болды. Ол тапсырмасын екі есеге жуық орындай отырып, жалғастырушы каналдың құрылысында жарты миллион текшеметрден артық жер қазды. М. Моонсонның жас жұмысшы слесарь-механиктер бригадасы құрылыста арнаулы үйдің бизіктіліндей. Станция түгелдей автоматтандырылған, онда телевизиялық басқару тетіктері бар. Диспетчерлік пультегі бір кнопканы басып қалуымен-ақ кезекші инженер судың турбиналарға қуйылуын реттеп отыратын қалқандарды түсіріп жібере салады немесе көтеріп ала қояды, агрегаттарды жүргізіп жібереді, сөйтіп жүктерді ағытып жібереді немесе бөгей салады. Азғана ғана қамтушы қызметкерлер машиналардың жұмысын бақылап, кездейсоқ бір кедергілерді жоюмен шұғылданады.

Су электр станциясының құрылысшылары жаңа техниканы тез меңгеріп, творчестволықпен пайдалана білді. Экскаваторшы И. Ильин тамаша көрсеткіштерге ие болды. Ол тапсырмасын екі есеге жуық орындай отырып, жалғастырушы каналдың құрылысында жарты миллион текшеметрден артық жер қазды. М. Моонсонның жас жұмысшы слесарь-механиктер бригадасы құрылыста ар-

---

...полителіне және басқа өнеркәсіп орындары мен ауыл шаруашылығына өнеркәсіптік электр қуатын береді.

Нарвадағы су электр станциясы «Кренгольская мануфактура» мақта-мата комбинатының онан сайын өркендеуіне кең жол ашады. Чуд көлі мен Нарва өзенінің бассейніндегі кеме жүрісінің жағдайы жақсарады. Нарвадағы су қоймасы Нарва қаласын сумен жабдықтауды жақсартады. Жыл сайын мұнда тұщы суда өсетін мыңдаған центнер балық аулана-ды. Су қоймасының жанынан балық өсіретін завод салынады.

Нарва су электр станциясы біздің еліміздің Солтүстік-Батыс облыстарындағы халық шаруашылығын бұрынғыдан да тез қарқынмен өркендетуді қамтамасыз етеді. Мұның өзі совет адамдарының коммунизм жолындағы тағы бір даңғыл жеңісі болып табылады.

(ТАСС).

Баспасөз тарату—саяси маңызы зор науқан

Баспасөз таратуды үлгілі ұйымдастырайық

Үстіміздегі жылдың 1 октябрінен бастап облысымызда орталық, республикалық, облыстық және аудандық газеттерге, сол сияқты ғылми, ауылшаруашылық және басқа журналдарға жазылу басталды.

Газеттер мен журналдар еңбекшілерді коммунистік рухта тәрбиелеудің аса маңызды құралы болып табылады. Ол совет адамдарын сүйікті Отанымыздың гүлденуі жолындағы қажырлы еңбектер мен жаңқыярлық ерліктерге жұмылдырады. Сонымен қатар совет баспасөзі партия мен үкметіміздің саясатын халықтың қалың бұқарасына кеңінен насихаттаумен қатар, еліміздің өмірін шындық және шынайы тұрғыдан көрсетеді, ғылым жаңалықтарын, қала және ауыл еңбекшілерінің озат еңбек әдістерін көпшілік арасына кеңінен таратады, өнеркәсіп пен мекемелерде, колхоздар мен совхоздарда орын алған кемшіліктер мен кертартпашылдыққа қарсы аяусыз күрес жүргізеді. Баспасөз бетінде совет адамдары коммунистік құрылыстың алуан түрлі мәселелері жөнінен өз пікірлерін ортаға салады.

Коммунистік баспасөз әрбір совет адамының күнделікті қажетіне айналып отыр. Сондықтан да біздің елімізде газеттер мен журналдар миллиондаған тиражбен шығады. Мәселен, біздің облысымызда 1954 жылы еңбекшілер 83300 дана газет пен журнал жаздырып алған болса, 1955 жылы бұл цифр 108 мыңға дейін өсті. Өткен жылы газет пен журналдарды еңбекшілер арасына тарату жөніндә көптеген аудандық партия комитеттері мен бастауыш партия, комсомол және кәсіподақ ұйымдары үлкен жұмыстар жүргізді. Олар әрбір еңбекшінің үйіндә газет, журналдың болуына жетісу мақсатымен бұқаралық-саяси жұмысты кеңінен өрістетіп, бөлінген лимиттерді толық таратуға жетісті.

Бірақ сол өткен жылдың өзінде де баспасөз таратуда кемшіліктер орын алмай қойған жоқ. Сондықтан да биылғы баспасөз тарату маусымы кезінде бұл кемшіліктердің кездесуіне жол бермеу үшін оларды айта кеткен жөн. Бірқатар партия ұйымдары мен байланыс орындарының бұл сияқты саяси науқанға формальды түрде қарауы салдарынан 1955 жылы көптеген орталық және жергілікті газет -журналдар еңбекшілер арасына таратылмай қалды. Мәселен, Ленин ауданында әрбір семьяға бір газеттен немесе журналдан кем мөлшерде баспасөз таратылды. Ал Мамлют ауданындағы «Победа» колхозында 200 семьядан небары 60 қана семья газет және журналдармен қамтылды. Бұл колхоздағы бастауыш партия ұйымының секретары Горбатов жолдас колхозшыларды баспасөзге жаздыруды ұйымдастырудың орнына өзі дәрменсіздікке салынып, соңғы жарты жыл бойы бірде- бір газет жаздырып алмай отыр. Ал аудандық партия комитеті, неге екені белгісіз, партия ұйымы секретарының бұл сияқты төзгісіз қылығына көңіл де аударған жоқ.

Айта кету керек, облысымызда, әсресе ауыл шаруашылығы газеттері мен журналдары көп мөлшерде таратылмай қалды. Мәселен, Булаев ауданында ауыл шаруашылығы мамандары мен механизаторлардың көп болуына қарамастан, мұнда әрбір 8 адам бір ғана ауылшаруашылық журналына жазылды.

Ауыл шаруашылығы газеттері мен журналдарының бұл сияқты нашар таратылуының себебі ең алдымен кейбір баспылардың жергілікті жерлерде жұмыс істейтін ауыл шаруашылығы мамандарының өз білімдерін көтеріп отыруға жеткілікті талап қоймайтындығынан деп түсіну керек. Мәселен, «Колхоздарға зоотехникалық және ветеринариялық кеңестер» журналына облысымызда зоотехниктер мен ветеринарлық дәрігерлердің бестен бірі ғана жазылуы осыны анғартады. Ал Совет ауданында бірде-бір маман «Қазақстанның ауыл шаруашылығы» журналын жаздырып алмайды.

Облысымыздың комсомол ұйымдарының республикалық комсомол газеттерін таратуға нашар көңіл бөліп отырғандығын да айта кету керек. Мәселен, «Ленинская смена» газеті жылдан жылға жеткілікті мөлшерде таратылмай келеді. Ал Булаев ауданында 3 мыңнан астам комсомолцетердің бұл газетке 35-і ғана жазылған.

Партия, совет және шаруашылық ұйымдары басшылары үшін аса қажетті болып табылатын «Коммунист», «Партийная жизнь», «Қазақстан коммунисі» сияқты журналдардың жеткілікті мөлшерде таратылмауын төзгісіз факт деп есептеу керек. Жағдай осылай бола тұрса да бірқатар шаруашылықтар және көптеген коммунистер бұл журналдарды жаздырып алуға көңіл бөлмейді. Оған Октябрь ауданындағы Докучаев атындағы совхоздың небары бір дана «Коммунист» журналын жаздырып алатындығы дәлел.

Облыс еңбекшілері коммунистік баспасөзге зор назар аударады, сонымен қатар олар газеттер мен журналдарды көптеп жаздырып алғысы келеді. Бірақ бірқатар партия ұйымдары мен байланыс орындары алыстағы бригадаларда, мал фермаларында, дала қостарында жұмыс істейтін егіншілерді, механизаторларды және малшыларды қажетті газет, журналдармен қамту ісіне маңыз бермейді. Соның салдарынан ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің біраз бөлегі жыл сайын газет, журналдарға жазыла алмай қалып, келеді.

Баспасөзге жазылуды ойдағыдай ұйымдастыру —бұқара арасында жүргізілетін саяси жұмыстың аса маңызды бір түрі. Сондықтан да жергілікті партия және совет ұйымдары, байланыс орындары өткен жылдың кемшіліктерінен тиісті қорытынды шығарып, 1956 жылдың газет, журналдарына жазылу жұмыстарын ойдағыдай ұйымдастыруға жетісулері керек.

Бізде әрбір жұмысшының, колхозшының, қызметшінің семьяларын газет, журналдармен толық қамтамасыз етуге мүмкіншілік жеткілікті. Ал бұл мүмкіншілікті іске асыру ең алдымен бұқара арасында жүргізілетін саяси жұмыстың көрсеткіші болып табылады. Бірақ бірқатар партия ұйымдары мен шаруашылық орындарының басшылары жаңа жылдың газет, журналдарына жазылу жұмысын тек мекеменің өз атына жаздырумен шектеп, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығында жұмыс істейтін жұмысшыларды, колхозшыларды, инженер- техник қызметкерлерді газет, журналдармен түгелдей қамту ісін естен шығарып жүр.

Жаңа жылдың газет, журналдарын бұқара арасына кеңінен таратуда байланыс қызметкерлеріне зор міндет жүктеледі. Олар коммунистік баспасөзді тарату ісіне зор ыждаһаттықпен кірісіп, әрбір елді пунктте газетке жазылушыларды қабылдау орындарын ұйымдастырулары қажет. Бұл жағдайда орталық усадьбалар мен елді пункттерден алыс тұратын адамдар үшін ерекше қамқорлық жасауға баса назар аударылуға тиіс.

Партия комитеттері мен бастауыш партия ұйымдары баспасөзге жазылу ісін ұйымдастыруды аса зор саяси науқан деп есептеп, бұл жұмысты ұйымдастыруға тәжрибелі коммунистер мен партияда жоқ активтерді кеңінен қатыстыруға жетісулері керек. Әсресе баспасөздерді кино, аудандық газеттер, арнаулы реклама, үгітшілердің әңгімелері арқылы еңбекшілер арасына кеңінен насихаттаудың зор маңызы бар. Сонымен қатар әрбір жұмысшы мен колхозшының және маманның қандай саладағы газеттер мен журналдарды қажет етстіндігіне, олардың ғылым және техника жетістіктерін өз өндірісіне қалай енгізетініне баса көңіл аударған жөн.

Совет баспасөзі —партиямыздың коммунистік қоғамның жеңісі жолындағы күресінде ең күшті және ең өткір құрал. Ал бұл құралмен облысымыздың барлық еңбекшілерін қаруландыру—партия, кәсіподақ, комсомол ұйымдарының абройлы борышы.

В. САКУН,

ҚКП облыстық комитеті насихат және үгіт бөлімі меңгерушісінің орынбасары.

Жаңа журналдар

Осы жылдың октябрь айынан бастап ССРО Ауыл шаруашылығы мен Совхоздар министрліктерінің «Овцеводство» атты ғылми- өндірістік журналы шыға бастайды.

«Овцеводство» журналы қой шаруашылығы саласындағы ғылым мен алдыңғы қатарлы тәжрибелерді кеңінен насихаттайды. Журналда асыл тұқымды қойлар өсіру, қой фермаларындағы еңбекті көп тілейтін жұмыстарды механикаландыру және басқа мәселелер жиі- жиі жазылып тұрмақ. Мұнымен бірге, журнал бетінде мамандардың, озат қой өсірушілердің мақалалары жарияланбақ.

«Овцеводство» журналы МТС- тер мен совхоздардың директорларына, зоотехниктері мен агрономдарына, мал дәрігерлеріне, мал фермаларының меңгерушілеріне, қой өсірушілерге және зоотехникалық институттар мен техникумдардың ғылми қызметкерлері мен мұғалімдеріне, студенттерге арналған.

РСФСР Ауыл шаруашылығы министрлігі мен РСФСР Совхоздар министрлігінің «Сельское хозяйство Поволжья» журналы жерді өңдеу, тың және тыңайған жерлерді онан әрі игеру және олардың агротехникасы жөнінде материалдар жариялап тұрады. Мұнымен бірге бидай, жүгеріден, тарыдан және басқа дақылдардан мол өнім алудағы ғылым мен ауыл шаруашылығы озаттарының қол жеткен табыстары, озаттар тәжрибелері, Отандық ауылшаруашылық техникаларын пайдалану мәселелері, еңбекті көп тілейтін жұмыстарды механикаландыру процестері жиі- жиі жазылады. Журнал колхоз ғалымы Т. С. Мальцевтің жерді өңдеу жөніндегі прогрессивтік әдісі жөнінде де материалдар жариялайды. «Сельское хозяйство Поволжья» журналы МТС -тердің, колхоздар мен совхоздардың басшы қызметкерлеріне, агрономдар мен бригадирлерге және ғылми қызметкерлерге арналған.

Мамандар, жаңа журналдарға тегіс жазылайық!

Г. КАРТАШОВ,

Облыстық «союзпечать»тің бастығы.

СҮТТІ КӨП АЛУ ҮШІН КҮРЕСЕЙІК

Н. ФИЛИППОВ,
Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының бас зоотехнигі

☆

СОКП Орталық Комитеті январь Пленумының мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді арттыру туралы қаулысын жүзеге асыру жолындағы шараларды белгілей отырып, облыс колхоздары 1960 жылы сүт өндіруді 1954 жылмен салыстырғанда 3,5 есе арттыруды, соның ішінде әрбір сауын сыйырға шаққанда орта есеппен 1900—2500 литрге дейін сүт алуды, ал 1955 жылы әрбір сауын сыйырдан 1460 литр сүт саууды ұйғарған болатын. Пленум қаулысына байланысты сүт өндіруді арттыру жөнінде белгіленген шараларды орындауда облыстың бірқатар колхоздары мен товарлы-сүт фермасының қызметкерлері елеулі табысқа жетіп те отыр. Атап айтқанда, Преснов ауданының «Красный партизан», «Победа» колхоздары, Совет ауданының Сталин атындағы, Каганович атындағы, Ленин ауданының «Путь к социализму» және Октябрь ауданының «Щит» колхоздарында өткен ауылшаруашылық жылының он бір айы ішінде әрбір сауын сыйырдан алынған сүт 1519—1670 литрден болды. Бұл цифрдан өткен жылдың осы уақытындағыдан 200—300 литрден сүттің артық алынғандығын көреміз. Ленин ауданы «Путь к социализму» колхозының сауыншысы В. Саютина жолдас 20 сентябрьге дейін қарамағына бекітілін берілген сыйырдың әрқайсысынан 2390 литрден сүт сауды. Преснов ауданы «Красный партизан» колхозының сауыншылары М. Лагуткина, Е. Юрасова, Р. Шарапаева жолдастардың табыс көрсеткіштері 2100—2200 литрге жетті. Сейтіп облыстың озат колхоздары Қостанай облысымен социалистік жарыста алған міндеттемелерін асыра орындап шықты.

Озат колхоздар мен товарлы- сүт фермаларының бұл табысы, алдымен, малды азықтандыру, сауын малдарын күту және жайылымда бағу ісін жақсартудың нәтижесі. Әсресе үстіміздегі жылы сүт сауудың арта түсуінде сауын малдарын жаз жайып-бағуды ұйымдастыру ісі елеулі роль атқарды. Олар жайылымдықты өріске бөліп пайдалану, малды қарабидай, сұлы, жүгері көкшелерімен үстеп қоректендіру сияқты жаңа әдістерді тұңғыш рет жүзеге асырды. Сонымен қатар бұл колхоздар малды суаруды жолға қойды. Күз уақыттарында мал үнемі жыйналып алынған жүгері, дөнді дақылдар көкшесінде бағылды.

Сауын малдарының өнімділігін арттыруда ферма жұмысын ұйымдастыру дәрежесінің жоғары болуы да ерекше роль атқарады. «Щит», «Красный партизан», Сталин және Каганович атындағы колхоздардың сыйыр фермаларында сауыншыларға арнаулы машина бөлініп берілін, сыйыр саууды жайылым басында өткізуге мүмкіндік жасалды. Сейтіп сыйырлардың бөска айдамалы болуына жол берілмеді. Бұл келтірілген мысалдардың барлығы да өткен шаруашылық жылында мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді арттырудың зор резервтері болғандығын анық көрсетеді.

Дегенмен облысымызда бірқатар аудандар мен колхоздар бұл сықты мүмкіншіліктерді толық пайдаланбағандықтан малдың өнімділігін арттыру және сүт өндіру жөніндегі тапсырмаларын орындай алмады. Тіпті бірқатар колхоздар сауын мөлшерін арттырудың орнына, бұл көрсеткішті өткен жылғыдан да төмендетіп жіберді. Мысалы, Приешім ауданының колхоздары осы жылдың 1 сентябріне әрбір сауын сыйырдан орта есеппен 899 литр ғана сүт сауды. Ал бұл аудан өткен жылы осы уақытта әрбір сауын сыйырдан 1044 литрден сүт алған болатын. Петропавл ауданының колхоздарында әрбір сыйырдан алынған сүт мөлшері өткен жылғыдан 225 литр кеміді. Оның ішінде Сталин атындағы колхозда (председателі Щелкунов жолдас) 518 литр кеміген. Сүт сауу Преснов ауданының Аманжелді, Жданов атындағы колхоздарында, Приешім ауданының «Красные всходы», «Қазақстанның 30 жылдығы» колхоздарында, Конюхов ауданының «Жаңа тұрмыс» және «Большевик» колхоздарында да өте төмен. Бұл колхоздарда өткен 11 ай ішінде әрбір сауын сыйырдан алынған сүт 584—788 литр ғана.

Өткен шаруашылық жылында облыс колхоздарының сүт өндіру жөніндегі жоспарды орындай алмай қалуының тағы бір себебі: көптеген колхоз басқармаларының ферма меңгерушілерінің, мал шаруашылығы мамандарының товарлы-сүт фермасының жұмысын ұйымдастыруға жеткілікті көңіл бөлмеуінде болды. Бірқатар МТС-тер мен колхоздардың басшылары қыс уақытында сүт сауу ісіне көңіл бөлмей келді. Осының салдарынан күзден бастап сыйырлар жаппай суалтыла бастайды. Мұндай жағдай өткен қыста мейлінше өтек алды. Сыйырлардың күні бұрын суалтылып жіберілуі, малды топтап және жеке азықтандыру жөнінде нормалаудың болмауы және жұмыс күні тәртібінің сақталмауы салдарынан облыс бойынша өткен ауылшаруашылық жылының бастапқы 7 айында әрбір сауын сыйырдан 300 литр ғана сүт алынды.

Осымен бірге жазғы жайылым кезінде малшаруашылық өнімдерін арттыру жөніндегі мүмкіншіліктер жете пайдаланылмады. Қолда бар табиғи жайылымдықтарды пайдалану ісі дұрыс ұйымдастырылмады, жайылымды өріс-өріске бөліп пайдалану, малды жаз лагерьлеп бағу ісін ұйымдастыруға жеткілікті мән берілмеді. Мұның үстіне көптеген колхоздарда товарлы-сүт фермасын тұрақты кадрлармен қамтамасыз ету іске асырылмады. Мысалы, Октябрь ауданының «Заря коммунизма» колхозында жаздың үш айы ішінде тұрақты сауыншылардың болмауынан күн сайын 40-тан аса сыйыр сауылмай отырған. Сейтіп бірқатар сыйырдың сүті кеткен. Осы ауданның Сталин атындағы колхозында тұрақты сауыншылар болмағандықтан, сыйыр саууға совхоз жұмысшыларын жалдап, олардың еңбегіне сүт беріп отырған.

Көзір жаңа малшаруашылық жылы басталды. Товарлы-сүт фермаларының қызметкерлері, колхоз және МТС мамандары өткен жылдың қателіктерінен тиісті қорытынды шығарып, 1955—1956 шаруашылық жылында әрбір сауын сыйырдан орта есеппен кемі 1600 литр сүт саууға жетісуі қажет. Бұған барлық мүмкіншілік бар.

Үстіміздегі жылы тұңғыш рет облыста 40 мың гектардан аса жүгері егілді. Бұл мал шаруашылығы үшін 136 мың тонна жоғары сапалы сүрлем дайындауға жағдай жасады. Сейтіп өткен жылғымен салыстырғанда сүрлем мөлшері 3,5 есе өсті. Орта есеппен облыстың барлық колхоздарында әрбір сауын сыйырға 4 тоннадан сүрлем әзірленді, ал Конюхов және Булаев аудандарының колхоздарында әрбір сауын сыйырға дайындалған сүрлем, 5,8—6,8 тоннаға жетті. Бұл сықты құнарлы сүрлемнің мол болуы сыйырлардан қыс уақытында да сүтті мол алуға жағдай жасайды. Алдын-ала алынған есепке қарағанда, быйыл облыс колхоздарының көпшілігінде сауын сыйырға тәулігіне 30—35 килограмм сүрлем беруге, сейтіп ірі сабақты жемшөп мөлшерін 8 килограмға дейін түсіруге толық мүмкіншілік бар. Мұндай рацион концентратты азық бермей-ақ әрбір сыйырдан күніне 8—10 литр сүт сауды қамтамасыз етеді.

Колхоз басқармалары мен колхоздағы мал мамандары сүтті неғұрлым көп алу жөніндегі күрсті күзгі маусымда жайылымдық үшін егіннің көкшелерін пайдаланудан, сыйырларды тамыржемісті дақылдармен және ерте салынған сүрлемдермен азықтандырудан бастауға тиіс. Мұнымен бірге әрбір колхозда, әрбір тобарлы-сүт фермасында жаңа жылдың бірінші күнінен бастап әрбір сыйырдан алынған сүттің қадағалы есебі жүргізілуі қажет. Мал қорағы тұрған күннен бастап сыйырларды топтап және сүтіне қарай іріктеп азықтандыру ісі ұйымдастырылуы керек. Осылай өткенде жаңа шаруашылық жылында мал шаруашылығы өнімдерін өндіру жоспары облыс бойынша деркезінде және толық орындалуы сөзсіз.



Шағын двигательдер заводында жас жұмысшылардың мәдени -тұрмыс қажетін тыңғылықты өтеу мәселесіне үнемі жете көңіл бөлініп келеді. Мұнда жұмысшы-жастар үшін екі қабатты жатақхана үйі салынған болатын. Көзір үй іргесіне ағаш егіліп, көркейтілді.

СУРЕТТЕ: завод жастары жатақханасының сыртқы көрінісі.

Суретті түсірген **А. Розенштейн.**

ҰТЫСТАР ТӨЛЕУ

Үстіміздегі жылдың өткен 9 айы ішінде облыстың мемлекеттік жыйнақ кассалары еңбекшілерге 12 миллион сомнан астам ұтыс төледі. Бұл 1953 жылы төленген сомадан біржарым есе көп.

Бұл күндері жыйнақ кассалары Мемлекеттік бесінші заем және Мемлекеттік үш проценттік ішкі заем тираждары бойынша ұтыстар төлеуге кірісті. Тек соңғы күндер ішінде қаланың жыйнақ кассалары еңбекшілерге 400 мың сомнан астам ұтыс төледі. Олардың ішінде 10 мың сомдық екі ұтыс, 5 мың сомдық екі ұтыс бар.

Октябрь айында халық шаруашылығын қалпына келтірудің Мемлекеттік заемы (1951 жылы шығарылған) мен Мемлекеттік екінші заемы облигацияларының тираждары ойналады.

В. ДАМАСКИН.

ЕҢБЕК ӨРЛЕУІ

Соколов ауданындағы «Защитник Сталинграда» артелінің жұмысшылары СОКП XX съезі құрметіндегі бүкілхалықтық социалистік жарысқа ұштасын, еңбек қарқынын арттыруда. Мәселен, алдыңғы қатарлы кірпіш қуюшылар Винц және Баранова бір сменада 1100 кірпіш орнына, 1300—1400 кірпіш жасап шығарады. Ал етікші мастерлер Малицкий мен Павловский өздері шығарған өнімді [illegible]

ФЕЛЬЕТОН

Қажекең көшуге қам жасапты...

Тимесе колхоздағы барлық тәтті,
Қаһары Қажекеңнің сондай қатты.
Қарны тойып, үй-ішін толтырған соң
Көзі түскен дүниені «Баян» тартты,—

деген өлеңді алғаш естігенде «Еңбек» колхозының председателі Қажымұрат Үмітбаев қатты қысылды.

—Яңырмай, мынау соққандар мұны қайдан біліп қалған, ә, —деп састы ол. Бірақ әлгі өлеңнің екінші бір түрі оның жүрегіне опан жаман инедей қадалып, оны одан бетер булықтыра түсті:

Басым еді пайдасынан әлегі,
Тілі бейпіл, қолы жылпос жан еді.
Ел мүлкіне сан қоркаулық жасаған,
Неше түрлі мінездері бар еді.
Балдызына колхоз атын «сыйлаған»,
Қайда болса өз пайдасын ойлаған.
Дәл жүз рет сынапса да бұл адам—
Неткен адам, жемқорлығын қоймаған.

Қажекеңе арнап шығарылған өлең аз емес екен. Оның ішінде бұл бастықтың астықты ысырапқа ұшыратқаны, орталық қырмавда шіріп-бүлінген астық туралы да, ағаш арасынан табылған алты арба бидайдың есепке алынбағанды жайында да айтылыпты. Колхозда электр станциясы салдырту үшін жаңа сатып алынған двигатель мен генератордың жауын астында қалып, жарамсыздыққа айналғандығы да қамтылыпты. Көңілі жақын болған соң «Бұлақ» колхозының Қарағай бригадасындағы Күшенғалиев Көкім деген «быйыл сауын іш» деп колхоздың бір биесін беріп еді, өлеңде осы да қосылыпты.

Өнімі кеміген мал, қысқа жетпейтін шөп, дал-дал боп жатқан қоралар, шашылып жатқан сабан, міне, осының бәрін өткір сөзбен әшкерелеуден құрылған өлең Қажекең үшін қамшымен бетке осып жібергендей болды.

—Қайткенмен бұл өлеңді өтіріке шығаратын бір әрекет істеу керек, — деп бекінді ол. Осы оймен асығыс атын жектіріп, ауылдан шығып кетті. Адуын жүріспен ауылдан алыстап кеткен оның ойына не істеу керектігі туралы ешнәрсе де түспей қойды. Нақ осы кезде...

... Ия, нақ осы кезде бір қорқаң шөбі бар бір атты Қажекеңнің алдынан кесіп өтпесі бар емес пе! Тіпті Қажекең екен деп, алдынан өтпей ізет көрсету ойында да жоқ оның. Мұндай қорлыққа Қажекең төзе алмады. Алдынан жаңа өткізуді ар көретін ол өндігі қаһарын әлгі аттыға тікті.

—Тоқта деген соң, тоқта!

Бұл сөзге аралас былапыт сөздер де бірге шықты.

Ашулы шыққан айғайға жалт бұрылған әлгі адамның колхоз шопаны Сұраған Тастамбеков екенін бірден таныды Қажекең. Онсыз да өлеңге шығып жүрген ол бұл арада шопанды «алдынан кесіп [illegible] бата алмады.

қошқарларға деп өзіңіз рұқсат берген жерден шаушы өкетіп барамын, — деді шопан.

Бірақ бұл сөзді Қажекең тыңдаған да жоқ. «Қаз ашуын тырнадан алар» дегендей, манадан бергі ызаны Сұрағанның басына бір-ақ текті. Боқтық сөзбен аралас үйрілген қамшы да оқжыландай ысқырып, қарт шопанның үрейін ұшырды.

—Ұрысың, шепті ұрлап шаушы жүрсің, —деген кінә тағылған шопан жаяу дедектеген бойы колхоз конторына жеткізілді. Бірақ бұл арада мал фермасының меңгерушісі Әлау Зәкрин Сұраған қартты шопке өзі жібергендігін, ал асыл тұқымды қошқарлардың таңертеңнен бері аш тұрғандығын айтқан да Қажекеңнің қыларға қайраны болмай қалды.

—Осы колхозшылар мені неге жек көреді? —председательдің өндігі ойы осы болды. —Әнеугүні 20 арба тал әкеп бергені үшін Наймановқа колхоздан бір қой да бердім. Бірақ не екенін білмеймін, бәрі де жек көреді...

Осы ойдың құшағына кірген ол өзінде ұқсас адамды іздеуге кірісті. Тездетіп колхоз конторына шақырып алынған колхозшылар Абай Қазезов, Сәден Рахметов, Нұртали Қарабалаевтарға Қажекең мынадай ұсыныс жасады:

—Сендер қоғамдық мал үшін қора салып жүрсіндер ғой. Ол еңбектеріне мен ақша берейін. Колхоз мүшесі емес адам тауып, соның атынан колхозбен шарт жасатыңдар.

Бұл «шарт» колхозға 8 мың сомға түсті. Қажекеннің бедел алмақ болған бір әрекеті осылай бастады.

Колхоз мүлкін беріп, бедел алу абройға жеткізген бе? Колхозшылар ожар бастықтың бұл қылығына наразылық білдірсе де Қажекең айлын шығған жоқ. Бұл күндері атайынды Сәдиевтарды қолшоқпар қылған ол өз әрекетін бұрынғыдан да гөрі өрістете түскен көрінеді.

—Қажекең алды-артын алыстан ойлап отыратын кісі, —дегеді оның жақтастары. Шынында да солай екен. Алдағы есеп беру-сайлау жыйналысында түсіп қалам ба деп хауіптенген бастық көзір үй мүлкін колхоз қолғымен өз ауылы—«Баянға» аттандырып жатқан көрінеді. Бұл жағдайда Қажекең колхоз дүниесін де қыстыра кетуді теріс кормепті.

Ойы бар Қажекеннің қос жыққалы,
«Баянда» үй мүлкі мен астықтары.
Басбұзар бұл бастықтың
қылықтарын,
Аудашның естіп ле екен бастықтары,—

деген ән бұл күнгі «Еңбек» көшесінде кеш айтылып жүр. Оны айтатын колхозшылар. Бірақ Ленин аутанының басшылары естісе де естімегенсіп жүрген көрінеді.

Кім білсін, бұлай бола берсе, олардың

Қол еңбегі механикаландырылуда

Конюхов ауданындағы Куйбышев атындағы колхоздың колхозшылары мал шаруашылығын өркендету мақсатымен фермалардағы қол еңбегін механикаландыруда бірқатар жұмыстар істеді. Былыл колхоз аспалы жол сатып алған болатын. Оны колхозшылар Богомолов және Бурдов жолдастар стандартты типті сыйыр қорасына орнатты. Бұл іске колхозшыларға Чистян МТС-нің механигі Винников жолдас көп көмек көрсетті.

Қорада аспалы жол орнату малға азық беру және мал қыйын қорадан шығару жұмыстарын толығынан механикаландырады.

Т. ЕСЕНОВ.

Жаңа мал қоралары

Полудин ауданының көптеген колхоздары мал қораларын салу ісіне ерекше көңіл бөліп келеді. Олар көктемнен бастап арнаулы құрылыс бригадаларын құрып, жоспарлы жұмыстың деркезінде аяқталуын қамтамасыз етті. Осындай колхоздардың қатарына «Путь социализма» колхозын қосуға болады. Мұнда 150 бұзаулық бір қора және 1500 қой сыятын бір кора салу жоспарланған болатын. Қазір колхоз құрылысшылары бұл екі қораның да құрылысын толық аяқтап, пайдалануға берді.

«Пламя революции» колхозы мал қоралары құрылысына негізінен қамыс пайдаланды. Қамыстан салынған қоралар әрі арзан, әрі берік және жылы болып шықты. Сондай-ақ Сталин атындағы колхозда да 150 бастық сыйыр қорасы қамыстан салынды. Сонымен бірге бұл колхозда ескі қоралар түгелдей жөнделді, олардың көпшілігінің төбесі қайтадан жабылды, ал кейбіреулері шиферленді. Колхоз малшылар үшін екі семьялық бір стандартты үй салды.

Осы ауданның «Путь к коммунизму» колхозында да жоспарлы жаңа мал қоралар құрылысы толық аяқталып, ескі қоралар жан- жақты жөндеуден өтті.

Т. ҚҰЛАТАЕВ.

Киім тігушілер Колобова мен Гулынина жолдастар да еңбек қарқынын еселеп арттыра түсуде. Олардың күнделік көрсеткіштері 115 процеңттен кемітен емес.

Ғ. ӘЛКЕНОВ.

Партияның шақыруымен

Ленин ауданы, «Путь к социализму» колхозында жұмыс істейтін Образцовый МТС-нің участоктік агрономы Михаил Паколов партияның шақыруы бойынша МТС штатынан шығып, колхозға муше болып кіруге арыз берді.

Колхоз басқармасы агрономның арызын қанағаттандырды.

Ғ. СӘКЕНОВ.

—Шөпті неге ұрлайсың?
—Ұрлағаным жоқ, асыл тұқымды

Т. ЕСІЛОВ.

„Ленин туының“ дабылынан кейін

„Мұныңыз қалай, Сәрсенбаев жолдас?“

«Ленин туы» газетінің осы жылғы 21 августағы номерінде жарияланған осы тақырыпты мақалада ҚКП Ленин аудандық комитетінің секретары Б. Сәрсенбаев жолдастың газет дабылына жауапсыз қарап, редакцияға жалған жауап бергендігі айтылған болатын.

ҚКП облыстық комитетінің бюросы Сәрсенбаев жолдастың өз міндетін атқаруға бюрократтық өдіспен, жауапсыз қарайтындығын, аудандық комитетке түскен шағым, сұрақтарға үстірт жауап беретіндігін атап көрсетті. Сонымен бірге бюро газет сыны бойынша редакцияға жалған жауап бергендігі үшін Сәрсенбаев жолдасқа сөгіс жариялады.

Явленка совхозы жұмысшылар кооперациясының жұмысындағы кемшіліктер жөнінде «Ленин туында» жарияланған фельетонды қарап, тиісті шара қолдану ҚКП Ленин аудандық комитетіне тапсырылды.

Англияның экономикалық қыйыншылықтары

Соңғы апталарда Англия жұртшылығының назары елдегі экономикалық қыйыншылықтардың шиеленісуіне ауып отыр. Сыртқы сауда балансының нашарлауы кәсіпкер топтарды ерекше тынышсыздандыруда. Ағылшын сауда министрлігі жариялаған деректерге сәйкес, Англияның сыртқы сауда дефициті, 1954 жылдың бірінші жартысындағы 274,8 миллион фунт стерлингке қарағанда, быйылғы жылдың бірінші жартысында 445,8 миллион фунт стерлингке жеткен. Сыртқы сауда балансы дефицитінің өсуімен Англияның алтын және доллар запастарының кемуі де тығыз байланысты болып отыр: соңғы жыл ішінде бұл запастар жарты миллиард долларға (немесе алтыдан бірінше) дейін азайып, әлі де кемуде.

Англия экономикасы хал-жайының елеулі түрде нашарлағандығы инфляцияның күшеюінен, тұрмыс құнының артуынан, өнеркәсіптің бірқатар саласындағы жағдайдың нашарлауынан көрініп отыр.

Қатардағы ағылшындарды бәрінен бұрын қымбатшылықтың өсуі толқытып отыр, өйткені соның кесірінен көптеген семьялардың күн көрісі барған сайын қыйындап барады.

Номиналды жалақының соңғы жылдардың ішінде біраз ұлғаюы жағдайды тіпті де жеңілдетпейді, себебі баға нақ осы кезеңде шұғыл көтеріліп кетті. Рейтер агенттігінің хабар еткеніндей, Англияда тұрмыс құны үстіміздегі жылдың орта кезінде тарихта бұрын болмаған ең жоғарғы дәрежеге жеткен. Оның үстіне тікелей және жанама салықтардың ауыртпалығы да орташа ауқатты ағылшынның мойнында.

Атап көрсеткен жөн, еңбекшілердің материалдық жағдайы нашарлап отырған кезде елеуір ағылшын капиталистік фирмаларының пайдалары азаймақ түгіл ес түсуде. Лондонның «Еңбек мәселелері жөніндегі зерттеу бюросы» келтірген мәліметтер бойынша, быйылғы жылдың алғашқы жеті айы ішінде 2322 ағылшын компанияларының пайдалары өткен жылғы нақ осындай уақытпен салыстырғанда 12,8 процент ұлғайған.

Тұтас алғанда, осының бәрі Англия еңбекшілерінің жалақысы арттыру жолындағы күресінің шұғыл күшеюіне апарып соқты. Лондон газеттерінің атап көрсетіп отырғанындай, қазір 7—8 миллион ағылшын жұмысшылары мен қызметшілері жалақысы өсіруді талап етуде. Ағылшын кәсіпкер топтарының газеті «Файнэншл таймстың» мойындауы бойынша, мұндай талаптардың қойылуын инфляция жағдайы мәжбүр етіп отыр.

Бұл талаптарды қолдаған ереуілдер барған сайын жиілене түсуде. Ағылшын еңбек министрлігінің ресми деректері бойынша, үстіміздегі жылдың тек бірінші жартысында ғана елде 1.205 ереуіл жасалған. Типография электршілері мен механиктерінің ереуілі салдарынан Англияның астаналық газеттері бір айға жуық уақыт бойы шығарылмады. Бірнеше апта бойы ірі-ірі порттардың докерлері ереуіл жасағаныктан жүздеген кемелер жүктері түсірілмей тоқтап тұрды. Машинистер мен қочегарлардың ереуілі көптеген күндер бойына темір жол транспортының жүйкесін күртты.

Англиядағы буржуазиялық насихат, еңбекшілердің өздерінің материалдық жағдайын жақсарту туралы талаптарын қанағаттандыруға қарсы науқан жүргізе отырып, экономикалық қыйыншылықтарды тудырған —жұмысшылардың ереуіл күресі деп дәлелдеуге тырысуда. Алайда, мұндай пікірсымақ себеп пен салдары әдейі шатастырғаннан басқа ештеңе де емес. Экономикалық қыйыншылықтарды тудыратын ереуілдер емес, қайта қатардағы ағылшындардың материалдық жағдайының нашарлауы мен еңбекшілерді қанаудың күшеюі жаппай ереуілдердің жасалуына апарып соғады.

Ағылшын буржуазиялық насихатының аппараты Англияның экономикалық жағдайының нашарлауының шын себептерін жасыруға тырысып, бос әуреге түсуде. Орташа ауқатты ағылшын бұл себептердің ішіндегі ең бастысының төркіні елдің халық шаруашылығының милитарландырылуында екендігін жанталаса қарулануға бейберекет зор шығындар жұмсалуында екендігін барған сайын айқын көріп отыр. Соңғы кезде бұл ақиқатты Англияның кейбір буржуазиялық газеттері де мойындауға мәжбүр болып жүр.

Жақында «Файнэншл таймс» газеті «Өзін өзі өлтіру» деп аталатын редакциялық мақаласында былай деп жазды: «Үкімет шектен тыс көп шығындар үшін жауап береді. Мемлекеттік қаржыларды далаға шашудың нағыз айқын мысалдары қорғаныс программасына жатады. . .». «Дейли телеграф энд Морнинг пост» газеті, Англия «тағы да экономикалық кризис алабына енді» деп мәлімдей келе, ағылшын экономикасын тек «ұлттық табыстың үштен бірін жалмап-жұтып отырған қорғаныс шығындарын» қысқарту ғана құтқара алады, деп жазады. Лейбористердің «Дейли геральд» газеті соғыс шығындарын қысқартуды талап етіп, сентябрьдің басында былай деп жазды: «Азық-түліктің, электр жарығының, үй жылытудың, кейбір киімдердің бағасы көтеріліп кетті. Үкімет жалақының күнсыздануын болдырмау үшін ештеңе де істемей отыр. Жағдайды онан сайын ауырлататын факт сол, біз финанс кризисіне ұрындық. Ал үкімет сайлауда жеңіске ие болғанға дейін муны халықтан жасырып келді... Енді тағы да қанша уақытқа дейін елдің жыл сайынғы табысының үштен бір бөлегі (бұл арада қарулы күштерді ұстауға жұмсалатын шығындар өскеріліп отыр —**А. Е.**) ешбір пайдасыз шашыла берер екен?». Бүкіл Англияда жан таласа қарулануға қарсы наразылықтар және қарулы күштердің сан мәлшерін Совет Одағының және халықтық демократия елдерінің өнегесімен қысқартуды талап ету күшейе түсуде.

Шектен тыс кеңейтілген соғыс шығындарына қарсы наразылық қозғалысы Англияның билеуші топтарын жұртшылық пікірін тыныштандыруды көздеген кейбір қадамдар жасауға мәжбүр етті. Мысалы, сентябрьде премьер-министр Иден ағылшын соғыс базаларын инспекциялауға аттанды. Ресми топтарға жақын газеттердің мәлімдеулері бойынша, бұл сапардың бір мақсаты соғыс шығындарын азайтудың мүмкіншіліктері туралы мәселені анықтау болған. Алайда Англия бұл салада практикалық шараларды әлі де қолданған жоқ.

Ағылшын экономикасы қыйыншылықтарының тағы да бір себебі—оның сыртқы саудасының жағдайы ауыр, ал муның өзі сыртқы сауда байланыстарының елеуір дәрежеде жасанды түрде қысқартылуынан туып отыр.

Жұртқа мәлім, сыртқы сауда саласында американ дискриминациялық саясатының шылауында қалып келе жатқан Англия бірқатар товарлардың Қытай Халық Республикасына шығарылуына тыйым салып, ССРО-ға және халықтық демократия елдеріне шығаратын товарларын азайтып тастады. Мұның өзі ағылшын сыртқы саудасына сор болып тиіп, Англияның кәсіпкер және саяси топтарының наразылығын тудыруда. Жақында «Дейли геральд» газеті былай деп назаланды: «Англия өз экономикасының шамасы келмейтін қарулану ауыртпалығын арқалап отырса да, Совет Одағымен және басқа да социалистік елдермен өзінің саудасын ұлғайту мүмкіндігін елемей келеді».

Англияны Шығыс елдерімен өзінің тиімді экономикалық байланыстарын қысқарта беруге итермелей отырып, беделді американ топтары Англияны капиталистік рынокторден де ығыстыруда. Мысалы, мынаны еске алсақ та жеткілікті: ағылшын экономикалық баспасөзінің деректері бойынша, 1938 жылдан 1953 жылға дейінгі кезеңнің ішінде өнеркәсіпті елдерге шығарылатын мақта маталарының дүниежүзілік экспортындағы Англияның үлесі 44 процеңттен 16 процеңтке дейін төмендеп кеткен болса, АҚШ-тың үлесі 6 процеңттен 17 процеңтке дейін өскен.

Соңғы уақытта американ өкмет орындары ағылшын товарларының Құрама Штаттарға көптеп шығарылуына кедергі жасау үшін бірқатар шараларды жүзеге асырды. Мысалы, жуырда АҚШ-қа Англиядан әкелінетін велосипедтерге пошлиналар арттырылды. Ағылшын баспасөзінің бұл жөніндегі күйін-пісуі сушын үлгергенше, «Чиф Джозеф Дэм» электр станциясы үшін әкелінетін ағылшын құрал-жабдықтарынан, бұл құрал-жабдықтарды ағылшын фирмалары американдар үшін неғұрлым тиімді түрде ұсынып келсе де, АҚШ-тың бастарқандығы мәлім болды. Ағылшын газеттері АҚШ-тың бұл қылығына шу көтеріп наразылық білдірді. Англияның сыртқы істер министрлігі АҚШ-тың мемлекеттік департаментіне өткір сарында мәлімдеме де жасады. Алайда ағылшын саудасына АҚШ тарапынан дискриминациялық шаралар әлі де жасалуда. Ағылшын сауда министрлігінің Лондонда шығатын «Экономист» атты журналда келтірілген соңғы деректеріне сәйкес, «доллар аймағы» деп аталатынмен есептегенде Англияның дефициті үстіміздегі жылдың бірінші тоқсанында өткен жылдың нақ осы кезеңімен салыстырғанда үш есе өсіп, 114 миллион фунт стерлингке жеткен.

Капиталистік елдердің рынокінде, АҚШ-ты былай қойғанда, Батыс Германия мен Жапония да Англияны барған сайын күштірек ығыстыра түсуде. Мәселен, «Файнэншл таймстың» хабарлағанындай, быйылғы жылдың бірінші жартысында Италияға ағылшын экспорты өткен жылдың нақ осындай кезеңімен салыстырғанда 32,5 миллион фунт стерлингтен 25,6 миллион фунт стерлингке дейін кеміген болса, Герман Федералдық Республикасының Италияға экспорты 57 миллион фунт стерлингтен 60,4 миллион фунт стерлингке дейін өскен. Ал Жапонияны алатын болсақ, оның сыртқа шығарылатын товарлары, атап айтқанда тоқыма бұйымдары, ағылшын өнімдерін тек кейбір шығыс рынокторде ғана емес, сонда-ақ Британ империясының ішкі рынокінде де ығыстыруда.

Заказдардың азаюы және шетел фирмалары тарапынан бәсекенің күшеюі салдарынан ағылшын мақта өнеркәсібінің аса ірі орталығы —Ланкаширдің көптеген кәсіпорындары өндірістерін тоқтатуда. «Дейли экспресс» газетінің хабар еткеніндей, 1955 жылы Англияда 55 тоқыма фабрикалары жабылған.

Англияның кәсіпкер топтары барлық елдермен де сауда байланыстарын оңдамайынша ұлттық экономиканы сауықтырудың мүмкін болмайтындығын барған сайын айқын түсінуде. Өз мүдделерін басшылыққа ала отырып, олар Англияның Совет Одағымен, Қытай Халық Республикасымен және европалық халықтық демократия елдерімен өзара тиімді экономикалық қатнастар орнатуына бөгет болып отырған жасанды кедергілердің жойылуын барған сайын қатты талап етіп отыр.

Төрт держава үкмет Басшыларының Женева Кеңесінен кейін халықаралық жағдайда болған өзгерістер Англияда тың үміттер туғызды. Англия үшін апатты болып табылатын жанталаса қарулану саясатын тоқтату туралы талаптар күшейе түсті. Ағылшын астанасының кәсіпкер ауданы Лондон Ситиінде де, оның жұмысшы кварталдарында да күннен күнге көптеген адамдар бұл күндері Совет Одағымен және социалистік лагерьдің басқа да елдерімен экономикалық байланыстарды дамыту мүмкіншіліктеріне үмітпен қарауда.

Қуманданға болмайды, ағылшын экономикасының болашағы көп жағдайда бұл талаптардың қаншалықты өскерілетініне және бұл үміттердің қаншалықты ақталатынына байланысты.

А. ЕВСЕЕВ.

БҰҰ Бас Ассамблеясының X сессиясында

30 сентябрьдегі таңертеңгі пленум мәжлісі

НЬЮ-ЙОРК, 1 октябрь. (ТАСС). Кеше таңертеңгі пленум мәжлісінде бірінші болып Англияның сыртқы істер министрі Г. Макмиллан сөз сөйледі.

Соңғы төрт жылдағы дәуірге тоқтай келіп, шешен халықаралық жағдайдың шиеленісуі бастағаны айқын деп көрсетті. Ол былай деді: Кореяда да сондай-ақ Индо-Қытайда да соғыс тоқтатылды. Тіпті Қытайға және бұғазға (Тайвань бұғазына —Ред). қатысы бар проблемаларда шиеленіс бәсеңдей бастады. Батыста, бақытымызға, Австрия Договоры жөнінде істі іркілген түйық жойылды. Триес проблемасы өзара келісім жолымен шешілді.

Ассамблеяның соңғы сессиясынан кейін, деді Макмиллан бұдан кейін, біз атом қуаты саласында ынтымақтасуға бағытталған рух берушілер оқиғалардың жүйелері болдық. Август айында Женевада болған ғалымдардың конференциясы аса үздік табыстарға жетті. Атом қуатын бейбіт мақсатқа пайдалану жөнінде халықаралық агенттік құру жайындағы жұмыс та қанағаттанарлық түрде жүргізілуде. Біріккен Корольдіктің бұл агенттікті бұдан былай да толығымен қолдап отыратынына мен сіздерді сендіре аламын.

Бұдан кейін БҰҰ-ның өткен жылғы жұмысы туралы айта келіп, шешен былай деп мәлімдеді: Біріккен Ұлттар Ұйымы өзіне лайықты жұмыс істейтін болсын деген шын ниетті тілектің кеңінен таралып отырғанын Сан-Франциско да болған біздің мерекелі сессиямыз көрсетті.

Макмиллан БҰҰ-ның экономикалық және әлеуметтік жұмысында, оның органдарының, атап айтқанда, Халықаралық еңбек ұйымының, Халықаралық денсаулық сақтау ұйымының және Юнесконың жұмысында ұлайы прогресс болып келгенін атап өтті. Біз, деді Макмиллан, Совет Одағының осы органдарға қосылғанына қуанышпыз.

Уставты қайта қарау туралы мәселеге тоқтап, Макмиллан былай деп мәлімдеді: мүмкін, Уставты қайта қарау үшін мезгіл әлі жеткен жоқ. Бірақ мен БҰҰ-ның өз ролін тұлық дәрежесінде атқаратын болуы үшін Уставқа кейбір жақсартулар енгізу, бұл жақсартулардың өздері қаншалықты пайдалы бола түрса да, осындай жақсартулар енгізу талап етіледі деп санамаймын.

Англия делегациясының басшысы «өздерінің БҰҰ-ға мүше болу правосына ешкім де елеулі түрде таласа алмайтын» барлық елдер БҰҰ-ға алынсын деп жақтайтынын айтты.

Қытай Халық Республикасының БҰҰ-дағы өкілдігі туралы мәселе жөнінде Макмиллан былай деді: біз бұл мәселені қарайтын мезгіл көзірдің өзінде жетіп отыр деп санамаймыз. Солай бола түрса да, бұл мәселе Қыйыр Шығыста бейбіт қатынастар толығымен орнатылып болудан бұрын реттелуге тиіс.

Үшінші Женева кеңесінің (сыртқы істер министрлері кеңесінің —Ред). перспективаларына тоқтай келіп, Макмиллан былай деді: сыртқы істер министрлеріне берілген директива үш мәселені қамтып отыр. Біріншіден, европалық хауіпсіздік системасы шеңберінде Германияны біріктіру. Осыған байланысты шешен былай деп мәлімдеді: соғыстан және нацистік армиялар Россияны ұшыратқан жантүршігерлік зыяннан кейін Россия саясатының Россияны аралық территория арқылы қорғауды әдейі тілеп отырғанын мен өден түсіне аламын. Қасиетті Русьтың жерін басқыншылар ешуақытта да қайтадан басып-таптамайтын болсын деген олардың (орыстардың. — Ред). тілегін мен ықласымнен түсінемін. Бұл түсініктіні және зер салуға әбден болатын дәлелдер. Егер бұл бірден-бір ғана қыйыншылық болып отырса, онда мен батыс державалары осы заңды абыржушылықты қанағаттандыратын схеманы ойлап таба алады деп сенемін.

Біз, дегенді айтты Макмиллан, НАТО-ға кіруге ұйғаратын, мұны өзінің істеуіне әбден болатын біріккен Германия тарапынан төнетін қатерге қарсы Россияның толық қорғануына мүмкіндік беретін жоспарларды жасап бере аламыз. Біз шығызданың отырған хауіпсіздік жөніндегі әртүрлі ұсыныстардың мақсатының өзі де осы болып табылады. Егер біздің ұсыныстарымыз жеткіліксіз болса, біз түзетулер мен толықтырулардың қандайын болса да, ықласпен қараймыз. Біздің ұсыныстарымыз шын ниетті мақсатпен енгізілін отыр. Егер Совет Үкметі хауіпсіздіктің бұл системасын қайсы бір түрінде қабылдай алатын болса, онда гордейлік түйін тарқатылып, Женеваның рухы шын мәнісінде бір нақты іске айналатын болады. Егер біз осы бірінші пункт жөнінде тек келісімге жете алатын болсақ, екінші пунктті —қарусыздандыру проблемасын қараудың перспективасы қандай тамаша болады десеңізші. Өткен жылы біз кездескен кезден бері Біріккен Ұлттар Ұйымының басшылығымен бұл салада қол жеткен өте елеулі прогресті мойындамау кең пейілділікке жатпаған болар еді. Қарусыздандыру жөніндегі комиссиядағы жұмыс бұрын көбінесе академиялық немесе насихаттық жаттығулар сыйпатында болып келген жағдайға жаңа және нақты тұрғыдан қарауға мүмкіндік берді.

Женева директивасының үшінші пунктінде, —деді Макмиллан бұдан кейін, — сыртқы істер министрлеріне Шығыс пен Батыс арасындағы байланысты күшейтудің құралдарын табу ұсынылды. Бұл салада прогреске жетудің қыйын болмайтыны күмәнсіз. Бірінші жақта тұрған адамдар екінші жақта тұрғандарды көбірек білетін болса, мұның өзі солғұрлым жақсы болады. Ендеше мүмкін болатын құралдардың бәрін: туризмді, сауданы және идеялар алысуды пайдаланайық.

Макмиллан қорытындысында былай деп атап көрсетті: дуние жүзінің бірде-бір бөлегінде бейбітшілік іздестіруде көзіргі шиеленісті бәсеңдетпей, қайта арттыра түсетіндей, ешбір қадамдар жасалмауға тиіс. Бүкіл дуние жүзіндегі регионалдық, сондай-ақ халықаралық барлық органдар мен институттар іске қосылуға тиіс. Біріккен Ұлттар Ұйымының жұмысы және ұлы державалардың жұмысы өзара бәсекелесу емес, қайта бірін-бірі өзара толықтыру деп қаралуға тиіс.

Біз уақытша табыстар жөнінде дандайсыйтын болмауымыз керек. Біз сонымен қатар уақытша сәтсіздіктердің салдарынан еңсемізді түсірмеуіміз керек. Біз өзімізідің назарымызды болашаққа аударуға тиіспіз.

Бұдан кейін Чехословак делегациясының басшысы, Сыртқы істер министрі В. Давид сөз сөйледі. Ол былай деп мәлімдеді: мемлекеттер арасындағы қатынастардың жақсаруы бейбітшіліктің баянды етуге және жаңа соғысқа жол бермеуге, халықтар арасында ынтымақты дамытуға бағытталған халықтардың қуатты қозғалысын бейнелейді. Ол сонымен бірге Женева кеңесінің де сондай-ақ Бандунг конференциясының да қоғамдық және мемлекеттік құрылысы әртүрлі мемлекеттердің өзара бейбіт қатар өмір сүруі және ынтымақтасуы принциптерін тану рухында өткенін атап көрсетті.

Европалық хауіпсіздік туралы мәселеге тоқтай келіп, Чехословакияның өкілі былай деді: Чехословак Республикасының үкметі Чехословакияның және барлық европалық халықтардың хауіпсіздігін қамтамасыз етудің ең жақсы тәсілі — коллективтік хауіпсіздіктің жалпыевропалық системасын құру деп санап отырғанын сан рет атап көрсетті, бұл система бір-біріне қарсы тұрған соғыс блоктерін құруға мүмкіндік бермеген болар еді және барлық европалық мемлекеттерді, өздерінің қоғамдық және мемлекеттік құрылысының қандай екеніне қарамастан, түгел қамтыған болар еді.

Біз мынадай пікірді ұстап отырмыз: егер тиісті жақтар Солтүстік-атлантикалық шарт пен батысевропалық одақты да, сондай-ақ 8 елдің Варшава Договорын да жоюға келісетін болса, онда коллективтік хауіпсіздіктің АҚШ қатысатын европалық системасын құру едәуір жеңілдетілген болар еді. Егер бұған дереу жету мүмкін болса, онда, біздің пікірімізше, европалық хауіпсіздік проблемасын кезеңдері бойынша шешу жөніндегі Совет Одағының ұсынысы барлық европалық елдердің мүдделеріне сай келеді.

Чехословакияның герман мәселесін бейбітшілікпен шешу ісіне көмектесуге ұмтылып отырғанын атап көрсетіп, Давид былай деп мәлімдеді: ГДР-мен достық қатынастарды онан әрі нығайта отырып, Чехословакияның үкметі Герман Федеральдық Республикасымен оңды, тату көршілік қатынастар орнатуға әзір отыр.

Ол жұмыс тәртібіндегі айла тәсілдерді айыптады, өйткені, осындай айла-тәсілдер жасалып, Азияның ең ұлы державасы —Қытай Халық Республикасы өзінің БҰҰ-дағы орнынан заңсыз айырылып отыр.

Давид БҰҰ Уставын қайта қарауға қарсы шықты.

Чехословакия Сыртқы істер министрінің сөзінен кейін, Алжир туралы мәселені X сессияның күн тәртібіне енгізу жөніндегі дискуссия қайтадан басталып, ол күндізгі мәжлісте онан әрі талқыланды.

ҚХР АЛТЫ ЖЫЛДЫҒЫНЫҢ МЕЙРАМДАЛУЫ

ПЕКИН, 1 октябрь. (ТАСС). Бүгін қытай халқы Қытай Халық Республикасының жарияланғанына алты жыл толуын салтанатпен атап өтуде.

Пекиннің орталық алаңы — Тяньаньсының әскер түрлерінің танымал белгілері мен погондары тағылған жаңа формасында киінген генералдары, офицерлері жыйналған.

Шетелдік делегациялар тұрған трибунаны Чжу Дэ, халық өкілдерінің Бүкілқытайлық жыйналысы тұрақты комитетінің Председателі Лю Шао-ци, ҚХР мемлекеттік Советінің Премьері Чжоу Энь-лай ҚКП Орталық Комитеті Саясат бюросының мүшелері, Бүкілқытайлық Халықтық Саясат Кеңесінің Председателі Мао Цзэ-дун, ҚХР-дің жариялануының алты жылдығымен байланысты баяндады. Маршал Пын Дэ-хуай әскерлерді аралап, олармен амандасты.

Бұдан кейін қорғаныс министрі Пын Дэ-хуай трибунаға шығып, ҚХР-дің жариялануының алты жылдығымен байланысты баяндады.

ССРО Жоғарғы Советі делегациясының Югославияға жүріп кетуі

Югославия Федерациялық Халық Республикасы Одақтық Халықтық Скупщинасының шақыруы бойынша ССРО Жоғарғы Советі Одақ Советінің Председателі А. П. Волков бастаған ССРО Жоғарғы Советінің делегациясы 3 октябрьде Югославияға жүрін кетті. Делегацияның құрамында ССРО Жоғарғы Советінің депутаттары—Н. Е. Авхимович, В. С. Балакина, П. Б. Быков, А. Ф. Гармашев, И. Т. Гришин, А. Л. Гуния, И. К. Замчевский, О. И. Иващенко, А. Е. Корнейчук, И. М. Кратенко, Н. Ф. Лыскин, Я. В. Пейве, Н. Э. Прошунин, М. Султанова, Е. А. Фурцева, А. Н. Шелепин бар.

Внуково аэродромында делегацияны ССРО Жоғарғы Советі Одақ Советі Председателінің Орынбасары А. А. Лебедев, ССРО Жоғарғы Советі Ұлттар Советі Председателінің Орынбасары П. Г. Тычина, ССРО Жоғарғы Советінің депутаттары Ф. Ю. Беляускас, К. П. Горшенин, Ұ. Қыдырбаева, Н. А. Михайлов, А. Е. Петрушев, Д. Сейтниязов, А. С. Чутких, РСФСР Жоғарғы Советінің депутаттары А. И. Опарин, В. И. Шипова, ССРО Сыртқы Істер Министрінің орынбасары Н. Т. Федоренко, СОКП Москва қалалық комитетінің секретары Е. И. Афанасенко, БЛКЖО Орталық Комитетінің секретары В. Е. Семичастный, КБОС секретары Е. И. Прохоров, Москва қалалық Советі атқару комитеті председателінің бірінші орынбасары Н. И. Бобровников, ССРО Жоғарғы Советі Президиумы Кеңсесінің бастығы Н. К. Козлов, ССРО Жоғарғы Советі Президиумы Протоколының бастығы Г. И. Фомин, ССРО Сыртқы Істер Министрлігі IY Европалық бөлімі меңгерушісінің міндетін атқарушы П. Г. Крекотень, ССРО Жоғарғы Советі Президиумының, ССРО Сыртқы Істер Министрлігінің жауапты қызметкерлері, совет және югославия журналистері шығарып салды.

Делегацияны сонымен қатар Югославия Федерациялық Халық Республикасының ССРО -дағы Төтенше және Полномочиелі Елшісі Д. Видич пен Елшіліктің дипломатиялық қызметкерлері шығарып салды. (ТАСС).

ЧЕХОСЛОВАК ҮКМЕТІНІҢ ЧЕХОСЛОВАК-ЕГИПЕТ САУДА ДОГОВОРЫ ЖАЙЫНДАҒЫ МӘЛІМДЕМЕСІ

ПРАГА, 3 октябрь. (ТАСС). Чехословак телеграф агенттігі былай деп хабарлайды:

Жуықтағы күндердің ішінде Чехословак Республикасының үкметі мен Египет Республикасы үкметінің арасында сауда договоры жасалды, бұл договор бойынша Чехословакия мақтаға, күрішке және басқа өнімдерге айырбас ретінде Египетке соғыс жабдықтарын беруге міндеттенеді. Бұл договор жасалғаннан кейін шұғыл науқан басталды, ол ең алдымен қысым жасау жолымен Египет үкметін Чехословакиямен жасалған договордың күшін жоюға мәжбүр етуге бағытталған.

Осыған байланысты Чехословак үкметі мынадай мәлімдеме жасауды қажет деп санайды:

Чехословак -египет договоры суверенді мемлекеттердің өздерінің әділетті мүдделеріне жауап беретін және қандайын болмасын шарттармен байланысты емес договорлар жасауға ажыратылмайтын праволары негізінде жасалды.

Чехословак үкметі бұл договорды оңды сауда қатынастары шеңберінде, Египет үкметі жүзеге асырып отырған ұлттық тәуелсіздік саясатын ескере отырып және өз елінің қорғанымпаздық қабілетін қамтамасыз ету үшін қажетті құралдар алу жөніндегі оның заңды правосымен санаса отырып жасады.

Чехословак үкметі суверенді мемлекеттер арасындағы оңды қатынастарға қандайын болмасын араласушылықты принципті түрде қабылдамай тастайды, чехословак -египет договорынан туатын өзінің міндеттемесін дәлдікпен орындайтын болады.

Бельгияда Совет Одағына арналған жүк теплоходының суға түсірілуі

БРЮССЕЛЬ, 3 октябрь. (ТАСС). Тамиз қаласындағы (Бельгия) кеме жасау верфінде Совет Одағына арнап «Боель» фирмасы жасаған, су сыйымдылығы 5200 тонналық «Яков Свердлов» жүк теплоходы суға түсірілді.

Қорабельді суға түсіру салтанатына ССРО-ның Бельгиядағы елшілігінің кеңесшісі М. Ф. Кучмин, ССРО-ның сауда өкілі Л. А. Разин, «Боель» фирмасы мен Бельгия жүктшылығының өкілдері қатысты.

Индия парламентінде

ДЕЛИ, 2 октябрь. (ТАСС). Кеше Индия парламентінің Халықтық палатасында үкметтің ауыл шаруашылығы саласындағы қоюға ұйғарғандығын мәлімдеді. Барлық партиялар өкілдерінің қатысуымен комитет құрылып, ол осы мәселені қарайды.

[illegible] Ленинградтағы [illegible] қызыл жалаулар желбіреуде, алаңның екі жағында орнатылған орасан үлкен колонналарда мынадай ұрандар жазылған: «Қытай Халық Республикасы жасасын!», «Қытай Коммунистік партиясы жасасын!», «Председатель Мао Цзэ-дун жасасын!», «Бүкіл дүние жүзінде бейбітшілік жасасын!». Алаңда әскери парадқа қатысатын әскерлер сап түзеп тур. Буған іргелес көшелер мен алаңдарда —теңіздей толқыған тулар, жалаулар, плакаттар, Тяньаньмынь алаңының трибуналарында өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының озаттары, мәдениет, ғылым, искусство қайраткерлері, қытайдың көптеген ұлттарының өкілдері, Халық-азаттық армия-

да 55 елден келген 1600-ден аса делегат қатысып отыр. Бұлардың арасында ССРО-дан, халықтық демократия елдерінен, Франциядан, Жапониядан, АҚШ-тан, Англиядан, Индиядан, Индонезиядан, Ираннан, Бирмадан, Цейлоннан, Канададан, Аргентинадан, Италиядан, Бельгиядан, Камбоджадан, Малайдан және басқа елдерден келген қонақтар бар.

Таңертеңгі сағат 10. Әскери оркестр «Шығыс нұрланып келеді» дейтін күйді орындады.

Үкмет трибунасына ду қолшапалақталып қарсы алынған қытай халқының көсемі, ҚХР Председателі Мао Цзэ-дун ҚХР Председателінің орынбасары Маршал

тиялық партиялар мен қоғам ұйымдарының басшылары, ҚХР маршалдары, Халық-азаттық армиясының генералдары және басқа қайраткерлер келді.

Пекиннің мәрі Пын Чжэн салтанаттың басталғанын жариялады. Алаңның үстінде Қытай Халық Республикасының мемлекеттік гимнінің күйі естілді. Артиллериядан 28 дүркін атылған мейрам күнгі салюттің гүрсілі әуені жаңғырықтырды. Әскери парадты қабылдаушы қорғаныс министрі ҚХР Маршалы Пын Дэ-хуай автомобильмен алаңға келді. Алаңның ортасында парадтың командашысы генерал-полковник Ян Чан-фу қорғаныс министріне әскерлердің парадқа әзір тур-

[illegible] армиясының әскерлері бойынша берілген бұйрықты жариялады.

Бұйрық жарияланғаннан кейін Қытай Халық-азаттық армиясы бөлімдерінің әскери парады өткізілді, ол Қытай мемлекетінің қарулы күштерінің қуаттылығының айқын айғағы болды.

Еңбекшілердің демонстрациясын төрт мың ту ұстаушылардың колоннасы бастады. Бұлар Қытай астанасының таңдаулы адамдары, еңбек ерлері, өндіріс жаңашылдары. Пекин еңбекшілерінің мейрам күнгі салтанатты жүрісі 2,5 сағаттан аса уақытқа созылды. Оған жарты миллионнан аса адам қатысты.

[illegible] партиялардан келген бірсыпыра депутаттар аграрлық өзгерістер жүргізуді, соның ішінде жер иеленудің шекті көлемін қою-ды жақтаған пікір айтты.

Азық- түлік және ауыл шаруашылығы министрі Джайн қорытынды сөз сөйлеп, үкметтің жер иелігінің шекті көлемін

[illegible] кеше қорғаныс министрлігі Халықтық палатаға «ұлттық еріктілер қарулы күштерін» ұйымдастыру туралы заң жобасын енгізді. 25 июльде ашылған парламент сессиясы кеше, 1 октябрьде өзінің жұмысын аяқтады.

Парламенттің келесі сессиясы 21 ноябрьде ашылады.

ТҮЗЕТУ

Газетіміздің осы жылғы 4 октябрьдегі номерінде, 1-бетте «Қазақ ССР Совхоздар министрлігінде» деген рубрикамен жарияланған хабардың тақырыбын «Республиканың совхоздарында зяб жырту мен тың жерлерді өңдеудің қанағаттанғысыз барысы туралы» деп, төртінші беттің 4-5 бағанасындағы шетел хабарының тақырыбын «Йемен Чехословакиядан қару- жарақ сатып алу жөніндегі Египет қарарын қолдайды» деп оқу газет оқушыларын сұралады.

Редактор Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.

СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДА МАЛ ҚОРАЛАРЫН ӨРТТЕН ХАУІПСІЗДЕНДІРУ ШАРАЛАРЫН КҮШЕЙТУ ТУРАЛЫ

Еңбекшілер депутаттары Солтүстік Қазақстан облыстық Совет аткомінің 1955 жылғы 3 сентябрьдегі № 4 міндетті қарары

Солтүстік Қазақстан облысының мал қораларында өрт шығудан алдын-ала сақтандыру мақсатымен еңбекшілер депутаттарының облыстық Совет аткомі **қаулы етті:**

1. Колхоз председательдері, совхоз директорлары мен басқа да ауылшаруашылық ұйымдарының басшылары мыналарға міндеттендірілсін:

а) мал қораларында жылыту аспаптарын жөндеу ісі өрт хауіпсіздігі талаптарын қатаң сақтай отырып жүргізілсін, тек төлдер, қозылар, торайлар қыстайтын үйлерде және шатырлары, қабырғалары, қоршаулары өртке жанбайтын және өртке шыдамды мал емдеу орындарында ғана пештер салуға, оларды пайдалануға жол берілсін;

б) азық күхнялары, су жылытатын қазандар мен буландырғыш қондырмалар өртке жанбайтын және өртке шыдамды жеке бөлмелерге орналастырылсын. Бу -су өлшегіш аспаптары жоқ азық булағыштарды пайдалануға тыйым салынсын;

в) төбесі, қабырғалары, қоршаулары сабан және қамыс барлық мал қоралары мал қолға қараған кезге дейін езілген сарыбалшықпен сылансын;

г) мал қораларына, төбелерге және құрылысқа жақын жерлерге ірі сабақты мал азығы қорын үюге тыйым салынсын;

Ірі сабақты мал азығының қоры барлық құрылыстардан кемінде 100 метр жерге үйілсін, маялардың бір-бірінен алшақтығы кемінде 50 метр болсын;

д) мал қоралары мал қолда бағылатын кезеңге арнап жөнделген шамдармен және оларға керекті запас шынымен қамтамасыз етілсін;

е) барлық мал қораларында электр проводтарының жайы мұқият тексерілсін және байқалған кемшіліктері электротехникалық ережелер мен нормаларға сәйкес жойылатын болсын;

ж) барлық мал шаруашылығы қызметкерлерінің өртке қарсы техминимумнан өтуі ұйымдастырылсын;

Барлық мал қораларында көрнекті жерлерге ілінген өрт хауіпсіздігі шараларын сақтау туралы плакаттар, ережелер мен нұсқаулар болуға тиіс;

з) мал қолға қарайтын кезең басталғанға дейін барлық мал қоралары өрт сөндіргіш құралдармен—химиялық өрт сөндіргіштермен, су құйылған кеспектермен, шелектермен және басқаларымен қамтамасыз етілсін;

и) әрбір мал қорасы бойынша өрт хауіпсіздігі шараларын қамтамасыз ету және өрт сөндіргіш құралдарды үнемі дайын ұстау жөнінде жауапты адамдар тағайындалсын;

Күзет қызметкерлері өздерінің кезегі кезінде мал қораларында өрт хауіпсіздігі ережесінің бұрмалануына жол бергені үшін және барлық өрт сөндіргіш құралдардың дұрыс сақталуы үшін жеке жауап беретін болып тағайындалсын.

2. Осы қарарды бұрмалаған кінәлі адамдарға аудандық Совет аткомдері жанындағы әкімшілік комиссиялары 100 сомға дейін айып салады немесе бір ай мерзімге дейін қара жұмысқа жібереді, ал мемлекеттік өрт күзеті органдары 500 сомға дейін айып сала алады.

3. Осы міндетті қарардың орындалуын бақылау еңбекшілер депутаттарының аудандық, селолық, ауылдық, поселкелік атқару комитеттеріне, милиция органдарына, Ішкі істер министрлігі облыстық басқармасының өрт күзетіне жүктеледі.

4. Осы міндетті қарар баспасөзде жарияланғаннан кейін 15 күннен соң күшіне кіреді және Солтүстік Қазақстан облысы жерінде 2 жыл бойына күшінде болады.

Еңбекшілер депутаттарының облыстық Совет аткомінің председателі Қ. ОСПАНОВ.

Еңбекшілер депутаттарының облыстық Совет аткомінің секретары И. ЗАЙТОВ.

«Петропавловскзаготстрой» тресіне қалада және қаладан тыс жерлерде жұмыс істеу үшін құрылыстағы есеп жұмысымен таныс бас бухгалтерлер және аға бухгалтерлер КЕРЕК.

Жұмыс жайы жөнінде Петропавл қаласы, Красноармеец көшесі, 1-үйге келіп, трестің кадр бөлімінен түсінік алуға болады.

Түпкілікті жұмысқа жүк тиеушілер, кочегарлар, үй күтушілер, көмекші жұмысшылар КЕРЕК.

АДРЕС: Петропавл қаласы, Ерназаров көшесі, 174-үй.

«Петропавловскстрой» тресіне қалада және қаладан тыс жерлерде жұмыс істеу үшін аға бухгалтерлер, ревизор- бухгалтерлер, бухгалтерлер және есепшілер КЕРЕК.

АДРЕС: Петропавл қаласы, Совет көшесі, 62-үй.

Шағын двигательдер заводына түпкілікті жұмысқа шоферлар, жүк тасушылар, кочегарлар, машинисткалар, үй сыпырушылар және қойма жұмысшылары КЕРЕК.

Адрес: Петропавл қаласы, Октябрь көшесі, 37-үй. Кадр бөлімі.

Петропавлдағы шойын құю-таразы заводына түпкілікті жұмысқа тоқарлар, темір ұсталары, балғашылар, малярлар, газбен болат балқытушылар, үлгі құюшылар, құю цехының жұмысшылары, шоферлар, жүк тиеушілер, көмекші жұмысшылар және уақытша жұмысқа штукатурлар КЕРЕК.

Адрес: Базар көшесі, 8-үй.

Петропавлдың спирт комбинатына автослесарьлар, электромонтерлер, тәжрибелі шофер және көмір тасушы жұмысшылар КЕРЕК.

СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КИНОПРОКАТ БӨЛІМШЕСІ

қала және облыс экрандарында

деген көркемсуретті түсті жаңа фильм көрсете бастады.
Фильмді М. Горький атындағы киностудия, 1955 жылы жасап шығарған.

Киноларда

«УДАРНИК» кинотеатрында

«СОЛДАТ ИВАН БРОВКИН»

Сеанстар кешкі сағат 4-30, 6-40, 8-50 және 11-де басталады.

«ОКТЯБРЬ» кинотеатрында

«ТАЙГАДАН КЕЛГЕН ЖІГІТ»

Сеанстар кешкі сағат 5, 7-де басталады.

«ДУМАНДЫ ЖЕРДЕ»

Сеанстар кешкі сағат 9 және 11-де басталады.

1956 ЖЫЛҒА БАСПАСӨЗГЕ ЖАЗЫЛУШЫЛАР ҚАБЫЛДАНАДЫ

1956 жылғы 1 октябрьден бастап барлық орталық, республикалық, облыстық және аудандық газеттерге жазылушылар қабылдана бастайды.

Барлық республикалық газеттер мен журналдарға жазылушыларға шек қойылмайды.

Газет, журналдарға барлық-аудандық байланыс мекемелерінде, бөлімшелері мен агенттіктерінде, «Союзпечатьтің» барлық аудандық бөлімшелері мен киоскаларында, сол сыяқты, ведомстводағы және колхоздағы хат тасушылар арқылы завод, фабрикалардағы, колхоздар мен МТС, совхоздағы және мекемелер мен оқу орындарындағы қоғамдық өкілдер арқылы жазылуға болады.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор —1-86, редактордың орынбасары— 1-59, секретариат —1-33, партия және насихат бөлімдері —0-22, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп транспорт бөлімдері—2-36, мәдениет тұрмыс, хабар және тілшілер бөлімдері—3-39, корректорлар бюросы—4-39, газет баспасы—5-53, газет табыс етілмесе 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

УШ 01736

Қазақ ССР Мәдениет министрлігі баспа және полиграфия өнеркәсібі Жоғарғы басқармасының № 18 баспаханасы, Петропавл қаласы, Ленин көшесі 21-үй.